

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ОБРАЗДАРДЫ
АЙРЫҚША СУРЕТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Диана Абдусаттар қызы Абдумунинова

Өзбекстан Республикасы Ташкент Облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты Гуманитар пәндер факултеті Қазақ тілі және әдебиеті бағытының II курс студенті

Ғылыми жетекеші: **Жандос Абдазимович Байзаков**

<https://doi.org/10.5281/zenodo.6613833>

АННОТАЦИЯ

Сұлтанмахмұт романында ащы шындыққа толы уақиғалар, сол кезеңдегі бүкпесіз айтылған жағдаяттар, ұрпақ үшін, ұшт болашағы барын салып жазған шығармашылық жолы, кейіпкерлерді әсерлі түрде бейнелеу әдістері, шығармадағы қаһармандары арқылы XX ғасыр кезеңінде орын алып жатқан шытырман оқиғалар желісін көре аламыз.

Кілт сөздер: әлеуметтік теңсіздік, таптық текетірестер, салт-дәстүрдің әсері, қаршадай қыздың қыл үстіндегі тағдыры, махаббат адалдығы.

ANNOTATION

The events in Sultanmakhmud's novel we can see a series of adventures of the twentieth century through the events of the twentieth century, the events of that period, the creative way in which he wrote for future generations, the methods of depicting the characters in the work.

Keywords: social inequality, class conflicts, the influence of traditions, the fate of the girl on the ropes, the fidelity of love.

Кіріспе. Introduction. Жас қаламгердің көзі тірісінде-ақ қалың қазақтың басында сонау жылдарда соқтықпалы соқпақ жолдарында күн кешуінің куәсі болып, қаламы майысып, қабырғасы қисая жазған шығармалары жүрегі бар адамды бір сілкіндіріп алары сөзсіз. Өйткені, шығармашылық адамдар өте сезімталдығымен оқырманға жеткізе біду қасиеті қатар дарыған болуы әркімге де емес. Алайда, баға жетпес қасиеттерді бойына қатар дарытқан Сұлтанмахмұт шығармашылықтың шыңына жетіп бүкіл қазаққа өшпес атын қалдырды. Әлеуметтік теңсіздікті, қазақ қызының қыл үстіндегі тағдырды,

дүниеқоңыздықты жыр еткен ақынның “Қамар сұлу” романы бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтпай келуде. Сомдалған образдарды оқи отырып көз алдыңа кәдімгі сахналық қойылым немесе өмірлік оқиға желілері елестейді. Мұның өзі ақын шеберлігінің дәлелі әрі жемісі. Қамардың асқан сұлулығы мен махаббатқа адалдығы, жаныпезер болған қорлықты зорлықпен көрген қаршадай қыз өз өмірін көрдегі түнекпен айырбастауға дайын болатындай хәлде екенін көрсеткен автор оқырманға жағдаятты сондай асқан шеберлікпен жеткізе білген.

Негізгі бөлім. Discussion. Сұм тағдырдың тәлкегінде қалған жас өрімнің өмірін саусақпен санарлық жануарлардың шешуі, әлеуметтік теңсіздікті жырдың басында сөз етуі композицияның шарықтау шегіне келгенде айқындала түседі. Сөзі өткір, тілі ұшқыр болған Қамарға – сырттай сымбатына ғашық жігіттер жүрегі жаралы болатын. Өйткені өздігінен сөз айтуға батылы жетпейтін, тіл-аузы күрмеліп үн қата алмай қалатын болған. Ақын Қамарды былайша бейнелеген:

Еріткен іш-бауырыңды көзі қандай,
 Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай.
 Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп,
 Жайтандап жан күйдірген көзі қандай.

Ахметті айқын бейнелей отырып өз махаббатына адалдығы, жанының амандығын тілеп, орта жолда артқа шегініп, адамилықтың алтын белгісін бергендей етіп көрсетілген. Ахметті сомдау барысында адал достық, адал жар бола алатын жігіттік қасиеттің орайында орналасқандығын көрсеткен. Қамардың жанашыр ағасы, Ахметтің адал досы Қасеннің адамилығын, парасаттылығын әрекеттері арқылы сондай қарқынмен жеткізген Сұлтанмахмұт нағыз достықтың бар екендігін де көрсетіп берген. Ахметтің Қамарға ғашықтығы соншалық Қамардың бір ауыз сөзін жерге тастамай, оның амандығын ойлап оқуын сылтауратып алыс сапарға аттанып кетті. Мына бір айтылған сөздерден Қамардың да жаны ғашық болған кейпін танимыз:

“Ахметті сүйемін-ақ,
 Сүйгенім үшін осыншама күйемін-ақ.
 Ал енді, шыдамадым...”

Қараландым....”.

Жаныңа жаман бататыны, қазақ қызының қанша шырылдаған шыбын жанын әлем жарар айқайлауыда, сонша адамның араша түссе де қолдан келер шара жоқтығы, қыршыннан қиылған сәтте жарық әлемде алып қала алмауы яғни жұмыр жүрегінің лауылдап жанған отты кеудесіндегі бар сезімін тұншықтырып, қалықтауына тосқауыл бола тұра өз өмірін, өз жанын бәрібір де қия алмаған өрімдей қыз тағдыры. “Жар-жар” орнына “Зар-зардың” жырлануы Қамардың басында бар екені жаныңды жебідей жейді. Жорға Нұрым аталмыш елудегі шалдың малына сатылып жатқан қаршадай қыз тағдырына аяушылық танытудан басқа қолдан келер шара жоқтын еді. Кәрі итті алтын жағып майласаңда сол кәрі байғұс болып қала бермек. “Сүйкімді жануар”дың жемтігі болуына қойып берген дүниеқоңыз Оспанның көзіне тек байлық көрінетін. Қамардың сөйлегуде шамасы қалмаған, зарлап айтып отырғандағы мына сөзі еріксіз көзің жастануына түрткі болады:

Қорлықты зорлықпенен көрген Қамар,
Амалсыз бәріне де көнген Қамар.
Айдай әлем аузының суын құртып,
Арманда арсыздардан өлген Қамар.

Өз өмірін Жорға Нұрыммен жалғастырғаннан гөрі өліммен бетпе-бет келуді, Алладан жанын алуды жалбарынады:

Құдайға бүгін алса арманым жоқ,
Түксиген түк сақалға барғаным жоқ.
Қорлықта қосыла алмай кетсем-дағы
Әйтеуір, жүзін көрмей қалғаным жоқ.

Нұрыммен өмір сүрген бір күнімнен,
Жақсы ғой қабірдегі мың күн, түнім.

Қазақта қыз туған жоқ меннен артық,
Құлпырдым он бескеше бағым артып.



Майысып пісіп тұрған дер кезімде,
Малды шал анталады иттей тартып.

Қорланған Қамар осы хәлге түсуіне тағы бір дүниені себепші етеді ол – қазақтың әдет-ғұрпы:

Гибрат ал мен сорлыдан қазақ қызы!
Түйрейтін мал менен шал - саған бізі.
Оңбайды бұл әдетпен қазақ халқы,
Бол себеп ақырында қалмасқа ізі.

Сұлтанмахмұт Торайғыров – бостандықты, еркіндікті аңсаған тәуелсіз ақын, жазушы бола білді. Дәл осы қасиеттері арқылы да ол өз шығармашылығына жан беріп, күллі жұртшылықтың есінде өшпестей із қалдырундай әсер бере алды. Өз дәуірінің ащы шындығы мен әлеуметтік теке-тірестердің белең алғанын ащы айтқан Торайғыров өз дәуірінің халық жанашыры, тілі өткір, шығаршылықта шындық уын ішкен жазушы дәрежесіне жетті. Өлеңдері, романдары - жеңіл әрі түсінікті тілде жазылған болып, оқырман қауымына қарапайымдылықты ұсынды.

«Қамар сұлу» - асқан шеберлікпен шындықты шырылдап жеткізген романның негізгі идеясы сол дәуірдің әлеуметтік теңсіздігі мен халық арасында кеңінен таралған таптық бөлушілікті айқара ащып бере алған. Қазақ қызының жалпы әйелдер қауымының өз мүддесін қорғай алмауы, сөз үстемдігі тек би-болыстар мен сараң байларда болуы, дүниеқоңыздықтың артында қаншама жанның өміріне өлім есігін ашып беруін оқыған соң тап бір сол кезеңді кәдімгідей көз алдыға елестетеді.

Нәтиже. Results. Романдағы образдардың бейнесі – асқан шеберлікпен көркемделген теңеулер, бойына өзіндік мінез-құлығы мен тән сұлулығын ұштастырып бейнелеген шебер ақын роман идеясының мазмұнына дөп түскен. Оқиғаның алғашқы бөлімі Қамардың бойына дарыған парасаттылық пен ақылдылық, көрсе көз тоймасты сұлулық, әр ісі мен сөзінде жауапкершілікті жат санамай, бәріне байыппен асқан сабырлылықты таныта отырып басты кейіпкердің негізгі бейнесін ашып берген. Үрімдей қыздың танытқан батырлылығы мен адалдығы, тәрбиелілігі меп адамилығы, жанашырлығы мен сауаттылығы оның Қамар болып танылуына негізгі бағандар болып бой көтерді. Дәл осы



тұста, тағы да белең алған мәселерді толығымен қамтыған “Кім жазықты?” атты шығармасын айтып өткен жөн болар. Өйткені, “Қамар сұлу” романында тек бір қыздың өмірі жайлы айтылса, мұндай қоғамдық мәселер, әдет-ғұрыптың құрбандары болған бірнеше қыз тағдыры, отбасының түтіні бала өмірінде қаншалықты маңызды екенін көрсетер, ой саларлық, тәрбие берерлік шығарма деп айтуға болады.

Қазақтың билеуші тап өкілдерінің бірі Тасболат дейтін байдың Жақып, Әжібай, Қабыш дейтін үш болады. Романға арқау болатын негізгі кейіпкерлердің - мінез-құлықтары, тәрбиесі. Тасболат – ауылдың байы. Қажылық парызын өтеген, он бес жылдық болыстық қызметте жұмыс жасаған. Ел басқару жұмысына жаңаша тізім енгізу барысында тіл білу міндеттілігі артады оған қоса жаңашылдықты талап еткен сәтте, әрең дегенде үлкен ұлын жайластырып, өз орнын босатды. Жақыпты жайлап болғасын, Әжібайды қалаға оқуға жөнелтеді. Көп уақыт өтпей Жақып өмірден озады. Оқудағы Әжібайды ауылға қайтарады. Әжібай үлкейген сайын өте бұзық бала болып өседі. Қайтыс болған ағасының әйелін Әжібайға әмеңгерлік салты бойынша некелейді. Жеңгесі он сегіз жасында жесір қалған болатын. Балалықтың балын татып жүрген он үштегі боз бала отбасылы болғанын да сезінбейді. Өзінің жүрек қалауын жолықтырғанға дейін Әжібайды әкесі малым жетеді деп отырып, тағы да екі әйел алып береді. Жағдай одан әрі нашарлайды. Әйелдеріне мүлде көңіл бөлмей, балаларына әкелік мейірім бермей көшеге құмартып жүре береді. Жастайынан еркелікте өскен баланың бетін қайтару оңайға соқпайтына айдан анық. Қала кезіп жүрген Әжібай Аппақай деген сұлу бикешке ғашық болады. Осы кезде үйінің хәлі мүшкіл болып, әкесінің қасынан табылуға тиіс болады. Алайда ғашықтық отына жанып жүрген Әжібайға үйінің де, әке-шешесінің де жағдаяты қызықтырмайды. Осылай уақыт өтеді, Аппақай оған бұрылып та қарамайды. Сол уақыт аралығында қаншама шығынға батып, ақыр соңында басын салбыратып өз ауылына оралады. Көзі қарайған әйелдері мен перзенттері де өз жайына қалады. Өмірінің тас-талқаны шыққан Әжібай күңіреген көлеңкелі өмірінде жалғыз қалып қояды.

Жазушы Әжібайдың өмірі арқылы бүкіл қазақ халқына үлкен ой сала білді. Өйткені, о заманда қаншама әйелдер әмеңгерлік салтымен некелесіп ақыр соңы бақытсыз болашақтың құрбаны болып жатқан еді. Байлық пенен бақытты сатып алып

болмайтындығын көрсете білген Сұлтанмахмұт сүйгеніне қосылып жарқын болашақты таңдау керек екендігін алға тартады. Әдет-ғұрыптан аспаймыз деп қаншама перзенттің обалына қалып жатқандығын көрсете білді. Салт-дәстүр жазықты ма? Әлде олар жасаған орта дәуір, қоғам жазықты ма? – деген үлкен екі сұрақты беріп, терең ой салып, әр оқырман өздігінше тәмәмдасын деп жазған болатын.

Образдардың өздеріне тән қасиеттер мен мінез-құлықтары қоғамның қандай деңгейде екенін айқын көрестіп берген. Әжібайшылдыққа айналып бара жатқан жастарға жол бермей керектігін ұқтырады. Даму процесінде дәл осы тұсымыз аяққа бөгет болып қалмасын деген неитте жұртшылыққа өте әсерлі етіп жеткізе білген. Тәрбиесіздік пен салғырттыққа мешеулік тудырар тарапты әшкерелеу арқылы қоғамдық кертартпа күшті одан әрі күшейту керектігін ұрандатады.

Романдағы образдарды жинақтап, баға беру, әр кейіпкерге сай даралау, қасиеттері мен адамдыққа жат әрекеттерді салыстыра отырып, көркем шығарманың басты идеясын ашып бере алған.

Қорытынды. Conclusions

Қорыта айтқанда, Сұлтанмахмұт қаншама сынап-мінеп өлеңдер жазды, романдары арқылы ащы шындықтарды айтып, ұлты үшін жанын тігіп, тайсалмастан сауатты болашақ, саналы ұлт болуды көздеді. Өзгеге ұқсамайтын ерекше әлем иесі болған – Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ әдебиеті тарихында өшпес із, ұмытылмас мұра, саналы ғұмыр қалдырды. Ертеңін ойлаудан бұрын, өткенді саутауды жөн көрген топтардың текетіресі мен қарым-қатынастағы қақтығыстардың өз мүддесі үшін ешкімді аямаған қаныпезер болған бүлікшілерді өз шығармашылығының шоқтығына шығарып жырлаған ақын-жазушыларымыздың қатарына ең жас әрі талантты жазушы болып мәңгілікке өз орнын ойып тұрып алды деуге болады. Руханияты өте күшті әрі мықты екенін өмірінен-ақ көруімізге болады. Ол кезеңдегі жағдаяттарды, қоғам қақтығыстарын, жариялап та жасырын да жазудың өзі мүшкіл еді. Өйткені халықтың миын улап жатқандар қатарына жатқызып, “Халық жауы” атандырып атылып кетуі де ештеңе емес болатұғын. Осындай қиын-қыстау кезеңде көркем сөздермен, бейнелеу оңай емес шаруа еместұғын. “Адасқан өмір” атты шығармасында да ол нағыз өмірлік дүниетанымды көрсете білген. Өз өмірінің

көрген-білгені жөніндегі түйіндеме деп айтсақ та артық айтқандық болмас. Өлеңдері арқылы да нағыз шынайылықтың шыңына шыққан шығармашыл жан деуге болады. Асыра сілтеп жазған түгі жоқ. Қарапайымдылықтың басымдығы, көркем бояушылдықты өз мәре-сәресіне жеткізіп жазуда әр қандай қаламгердің қаламынан сәтті шығуы екі талай дүние. Жаратқан оған аз ғана ғұмыр берсе де, саналы ғұмырмен сыйлаған екен. Осы тұста Серік Қирабаевтың мына сөздері дәл келетін секілді: “Сұлтанмахмұт шын мәнінде осы сөзге татитын ақын. Ол көп жабының бірі емес, от болып жанып кеткен, құйрықты жұлдыздай ағып түскен тұлпар талант еді. Сондықтан Сұлтанмахмұт есімі қазақтың жыр дариясын құрайтын үлкен, асау арналы өзеннің бірі болып қала бермек. Ол халық жүрегінен құрметті орын алады”

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Дербісалин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. (С.Торайғыровтың әдеби шығармаларына шолу) – Алматы, 1966.
- 2.Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. (С.Торайғыровтың өмірі мен творчествасына арналған тарау берілген).
- 3.Түрбеков А. Қазақ әдебиетінің тарихы. Педагогикалық институттар мен университетін, филология факультеттерінде сырттан оқитын студенттер үшін курс жұмыстары. Нарымбетов Ә. - Алматы, 1966 жыл.
- 4.Әбілов Д. Сұлтанмахмұтқа. (Өлеңдері) Әбілов Д. Уақытпен сырласу. – Алматы, 1966 жыл.